

Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 13/158 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 17 қазанда № 3439 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 8 желтоқсандағы 2023 жылғы № 7/86 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 08.12.2023 № 7/86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабының 2-6 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 296 "Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары бекітілсін.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (бас инспектор А. Ерболов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін , оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

*Облыстық мәслихат хатшысының
өкілетін уақытша жүзеге асыруши*

C. Жақаева

A. Өрісбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
министрлігі Маңғыстау облысының
Ішкі істер департаменті" мемлекеттік
мекемесінің бастығы
К.С. Дәлбеков
"03" 10 2017 жыл

"Маңғыстау облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің
басшысының міндетін атқарушы
Қ.І. Нұрмамедова
"03" 10 2017 жыл

Маңғыстау облыстық маслихатының
2017 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 13/158 шешімімен
бекітілген

Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары 1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеу Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Конституациясына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 22 шілдедегі "Халықтың көші-қоны туралы" заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ халықтың көші-қоны мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және келісімдерге сәйкес әзірленді және Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеудің тәртібін айқындайды.

2. Көші-қон процестерін реттеу:

адамның тұрғылықты жерді еркін таңдау, енбек ету еркіндігін және қызмет түрі мен кәсібін өз қалауынша таңдауға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге;

кету және орын ауыстыру бостандығына;

шығу тегі, әлеуметтік және мұліктік жағдайы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеуге негізделеді.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

2) қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс

аударушылардың немесе қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.

3) қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасы - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өнірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қандастардың немесе қандастар мен олардың отбасы мүшелерінің шекті саны.

Ескерту. 3 тармақта өзгерістер енгізілді- Маңғыстау облыстық мәслихатының 26.04.2019 № 26/316 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2021 № 5/65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2 тарау. Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін реттеу тәртібі

4. Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерін мониторингтеу, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Маңғыстау облысындағы көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өнірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өнірлік еңбек нарығының теңгерімділігі жатады.

5. Көші-қон процестерін реттеу үшін "Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазактар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өнірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.08.2021 № 5/65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. Қандастар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өнірлік квоталарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.08.2021 № 5/65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдем көрсетуге, қандастарды, әсіресе, жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы да жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облыстық мәслихатының 27.08.2021 № 5/65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Мониторингті қамтамасыз ету және көші-қон жағдайының дамуын болжau, жұмыспен қамту, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасының азаматтарын, Маңғыстау облысында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Маңғыстау облысының мемлекеттік органдары жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелетін көші-қон процестерін реттеу саласында өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.